

# ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, III

Ориентализм





**Мақсаты:** ориентализм ұғымымен танысу. Шығысқа қатысты Батыстың көзқарасын саяси және қоғамдық ғылымдар контекстінде кеңінен талдаған палестиналық ғалым Эдуард Саидтың ориентализм түсінігін саралау.

**Тірек сөздер:** ориентализм, Шығыс, Батыс, дискурс, отар, отарлау, империя, мәдениет, билік, мәдени ерекшелік, көркем әдебиет.

Американдық әдебиеттанушылар Джулия Ривкин мен Майкл Райанның «Әдебиет теориясы» антологиясымен танысуды жалғастырамыз. Бүгінгі тақырып ориенталистік зерттеулер тұрғысында болмақ. Дәлірегі, 1977 жылы палестиналық ғалым Эдвард Саидтың қаламынан туған «Ориентализм» еңбегі жайында өрбиді. Ғалымның бұл еңбегі отарлық кезеңінен кейінгі зерттеулерге айрықша әсер еткен болатын.

Э. Саид империялық елдердегі өздері отарлап алған аймақтардың ішкі әлемін түсіну жолындағы дискурстерді баяндайды. Ғалымның пікірінше, Шығысты зерттеу (Orient) дегеніміз – империялық билікті тек заңдық тұрғыдан да шегелей түсу ғана емес, сонымен қатар, басқару жүйесін де оңтайландыруды білдіреді. Отарланған елдер, көбіне, өздерінің мәдени кодтары тұрғысынан империялық түсінікке оңтайлы стереотиптер шеңберінде өмір сүріп жатты. Осындай шектеулі, қасаң түсініктер отарланған елдердің өз құқықтары мен адамдық, өзге де тағдырлы мәселелері, ұлт келешегі жөніндегі жеке пікірлерін білдіруге тұсау болды.

Ал жалпы ориентализмге термин ретінде тоқталсақ, бұл ұғым – Шығыс деп аталған Азия және ішінара Африка (негізінен Солтүстік Африка) елдерінің тарихын, экономикасын, тілдерін, діндерін, әдебиетін, этнологиясын, өнерін, философиясын, мәдениетінің материалдық және рухани ескерткіштерін кешенді түрде зерттеуге бағытталған батыстық зерттеушіге немесе батыстық зерттеу орталықтарына берілген ортақ есім. Ориентализм сөзі латын тілінде күннің шығатын жері мағынасындағы «oriens» сөзінен алынған.

## Күрмеуі қиын шығыстану

Эдвард Саидтың пікірінше, Шығыс ұғымы – толығымен еуропалық пайымның жемісі. Антикалық дәуірлерден бері шығыс – таңғажайып сезімдердің, экзотикалық, романтикалық әлемнің, ғажайып табиғат алқаптарының символы іспеттес болып келді. Батыстың көзімен қарағанда, Шығыс адамдарының өзіндік әлемі, батыстықтардан, отаршыл елдерден бөлек көзқарасы мүлде болмайтындай еді. Ең бастысы батыстықтардың Шығыс туралы, оның тағдыры туралы еуропалық көзқарасы болды, яғни Шығыс туралы жазатындарда да, оқитындарда да осындай көзқарас болатын және осы қалыпты көзқарас Шығыс туралы жалпы кешенді біржақты түсінікті қалыптастырды.

Бұған қарағанда американдықтардың Шығыс туралы көзқарасы өзгешелеу болды, себебі олардың түсінігіндегі Шығыс Қиыр Шығыспен (әсіресе, Қытай мен Жапония) байланысты еді. Ал американдықтарға қарағанда, француздар мен ағылшындар, белгілі бір деңгейде немістер, орыстар, испандықтар, португалдықтар, итальяндықтар мен швейцарлықтардың Шығыс туралы көзқарастары сол Э. Саид анықтап берген түсінікте болды, яғни Батыс Еуропаның Шығыс туралы түсінігіне сай келеді.

Шығыс, ең алдымен, Еуропаның ең көне мәдени қарсыласы әрі ең тамыры терең Өзгенің бейнесін қалыптастырушы феномен. Бір жағынан, ол Еуропаның ең ірі, ең бай, ең ескі отарланған аймақтары, бір жағынан, еуропалық тілдер мен өркениеттің сарқылмас қайнар көзі. Онымен қоса, Шығыс Батысқа қайшылық қағидасы бойынша өз бейнесін, идеясын, тәжірибесін, тұлғасын тануға көмектесті. Шығыс – еуропалық материалдық өркениет пен мәдениеттің ажырамас бөлігі.

Э. Саид ориентализм ұғымының бірнеше аспектісін ашып береді. Ориентализм атауының ең бір түсінікке жеңіл түрі – қазіргі кезге дейін көп қолданылатын академиялық анықтамасы. Шығыспен айналысатындар, ол туралы дәріс оқитындар мен зерттейтіндердің барлығы да ориенталистер/олар: антропологтер, әлеуметтанушылар, тарихшылар мен филологтар/ал олардың айналысып жүргендері сол ориентализмнің өзі болып табылады. Бүгінде мамандар



оның орнына «Шығыс туралы зерттеулер» (Oriental studies) немесе «Аймақтану» (Area studies) терминдерін құп көреді. Себебі «ориентализм» терминінің өзі нақтылықтан алшақ, мейлінше жалпылама атау болып келеді. Асылында, ориентализм XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы еуропалық отаршылдықтың басқарушылық бағдарын білдіретіні де жасырын емес.

Айтылған академиялық анықтамадан бөлек, ориентализмнің біршама кеңірек түсінігі бар. Ол – Шығыс пен Батыстың онтологиялық және эпистемиологиялық өзгешелігіне негізделген ойлау стилі. Шығыс пен Батыстың осы негізгі ерекшелігіне көптеген авторлар өздерінің Шығысқа қатысты, оның тағдыры мен келешегіне, халқына, дәстүрлеріне т.б. қатысты/олардың қатарында ақындар, жазушылар, саясаткерлер, экономистер, империялық әкімшіл тұлғалар т.б. бар/теориялары мен өлеңдерінде, романдарында, әлеуметтік жазбалары мен саяси шешімдерінде негізгі тірек ретінде сүйенді. Ондай ориентализмнің шеңберіне Эсхил мен Гюгоны, Данте мен Карл Марксті жатқызуға болады. Он сегізінші ғасырдың соңынан бері ориентализмнің академиялық және өзге де шығармашылық анықтамасы әркез түрленіп, дамып, ұдайы өзгерістерге ұшырап отыруда.

Э. Саид анықтап берген ориентализмнің үшінші анықтамасы жоғарыдағыларға қарағанда, көбіне тарихи және материалдық қарым-қатынастарға негізделген. Шамамен XVIII ғасырдың соңынан бері ориентализмді Шығыспен қарым-қатынасқа бағытталған корпоративтік институт ретінде қарастыруға болады. Бұл қатынастың негізінде Шығысты басқаруға басымдық берілетін батыстық көзқарас жатты.

Ориентализмді айқындау үшін Э. Саид Мишель Фуконың «Білім археологиясы» және «Бақылау және жазалау» атты еңбектеріне назар аударуымыз қажет деп санайды. Ориентализмді белгілі бір дискурс ретінде қарастырмай, оның қалайша еуропалық өркениет ықпалында қалуының ішкі мәнін түсіну қиын. Э. Саид бұл басымдықтарды саяси, әлеуметтік, идеологиялық, әскери және ғылыми, тіпті Қайта Өрлеуден соңғы шығармашылық тұрғыдан да деп жіктейді. Қысқа қайырғанда: «Сол кездегі ориентализмнің кесірінен Шығыс тәуелсіз ойлау мен тәуелсіз әрекет ету нысанына айнала алмай қалды», – дейді Саид. Қазір де оның элементтерін жиі кезіктіруге болады.

Э. Саидтың бұл еңбегінің негізгі мәйегі Шығыстың әлгіндей халге түсуінің механизмін ашып көрсету әрі еуропалық мәдениеттің де өз бірегейліктерін айқындаудағы ұтымды тұстарын баяндап беру еді.

## Батыстың Шығысқа көзқарасы

Ориентализм туралы айтқанда, оны ең әуелі, британдық және француздық жоба ретінде қарастырамыз. Бұл библиялық мәтіндер, библиялық жағрапия, отаршылдық әскерлер, сауда, отаршылдық әкімгершілік дәстүрі, ірі ғылыми корпус, қаптаған эксперттер мен сансыз мамандар, «шығыстық» идея деп аталатын күрделі кешен/шығыстық қатыгездік, шығыстық салтанат, зұлымдық, сезімталдық/көптеген шығыстық секталар, еуропалық мәдениетке бейімделген пәлсафалық ағымдар, т.с.с. тізімді үздіксіз жалғастыра беруге болады.

Саидтың көзқарасы бойынша ориентализм бір жағында Ұлыбритания мен Франциясы, екінші жағында Шығысы бар екі тоғысудың ортасынан шығады. Бұл байланыс тіпті он тоғызыншы ғасырдың басына дейін тек Индия мен батыс Еуропа аймағының кейбір жерлерін білдірді. Ал осы тоғысудың әсерінен кейін ориенталистік деп аталып кеткен көптеген мәтіндер шықты.

Шығыс – өзіндік тарихы мен ойлау дәстүрі бар, Шығыс пен Батысқа да сіңісіп кеткен өзіндік бейнелік жүйесі мен сөздік қоры бар ірі идея. Бұл тұрғыдан, осы екі жағрапиялық болмыс әркез бір-бірін танытып, бір-біріне айна болып тұрады.

Ориентализмді шындыққа қатысы жоқ, ойдан құрастырылған идея деп айту дұрыс болмас. Солай бола тұра, ориентализм феномені көбіне көп Шығыстың өзі емес, ол туралы көзқарастардан тұратындығын да жоққа шығара алмаймыз.

Э. Саидтың айтуы бойынша ориентализм Шығыс туралы шындыққа негізделген әңгімеден гөрі, Шығысқа жүргізілген еуропалық-атлантикалық биліктің белгісі. Бұл ретте, Э. Саид ғалым



ретінде, осы ориенталистік ұғымның өміршеңдігінің түпкі мәнін түсінгісі келеді. Кез келген идеялар жүйесінің өміршең болуы үшін жай, жеңіл өтірік идеяның не фантазияның тірек бола алмасы түсінікті. Бұл тұрғыдан алғанда ориентализм қалыптасуы үшін бірнеше ұрпақтар кезеңінде ол идеяға айтарлықтай материалдық инвестициялар жасалды. Тұрақты жасалған инвестициялар ориентализмді Шығыс туралы жүйелі білімге, батыстық санаға шығысты танытатын өзіндік бір филтьрге айналдырды.

Гегемония, дәлірегі мәдени гегемония ориентализмнің өміршеңдігінің бірден бір дәлелі. Ориентализм бұл жағынан алғанда Денис Хэйдің Еуропа идеясы, яғни «біз» және «өзгелер», біз және еуропалық еместер деген анықтамасынан ешқашан ұзақ кетпейді. Э. Саид еуропалық мәдениеттің негізгі компоненті әлгі мәдени гегемонияны өз ішінде де, сыртта да жан-жақты қалыптастыра, дамыта білгендігінде деген тұжырым жасайды.

«Сонымен қатар, – деп жалғастырады Э. Саид, Шығысты шығармашылық тұрғыдан зерттеу де тікелей батыстық сананың шеңберінде жүзеге асырылды. Бұған дәлел ретінде француз тілтанушысы Сильвестер де Сасидың «Араб хрестоматиясы» мен ағылшын шығыстанушысы әрі аудармашысы Эдуард Уильям Лэйннің «Қазіргі египеттіктердің салты мен дәстүрлері туралы жазба» атты еңбектерін атауға болады.

Э. Саид ориентализм саласындағы маңыздылық неде деген сауал тастайды. Сауалдың бір жағында саяси мүдде, ұжымдық әдіснама, нәсілшілдік, еуропалық басымдық, шығыс адамы туралы абстракция тұрса, екінші жағында, тікелей Шығысты зерттеген түрлі деңгейдегі жекелеген авторлардың еңбектері тұр. Екеуі де бір нәрсеге екі түрлі тәсілмен келген. Екеуіндегі нысана бір. Мұндайда жалпылық пен жалқылықта жиі орын алатын бұра тартушылыққа жол берілмей ме?

## Ориентализм және саясат

«Шекспир немесе Уордсворт туралы білім саяси емес, ал заманауи Қытай туралы ақпарат саяси болып табылады деп айта салу оңай», – дейді Э. Саид. Жалпы ағылшын әдебиетін зерттеуші немесе редакторлықпен айналысатын адамдардың саясатқа қатысы жоқ деп саналуының бір себебі – олардың жұмысы тікелей күнделікті саяси өмірге ықпал ете қоймайды. Бір гуманитарий мен мемлекеттік қызметкердің басты айырмашылығы бірінің жұмысының саяси мәні бола тұра, екіншісі тәрізді саясатқа, халықтардың тағдырына қолма-қол ықпал етпейтіндігінде. Шынтуайтында, бүгінгі академиялық ортадағы саясат пен әлеуметтану ғылымдары, ең әуелі идеологиялық ғылымдар, сәйкесінше, әрине, олар саяси мәнге ие.

Сонымен бірге, Саид қазіргі Батыста шығып жатқан көптеген еңбектердің таза академиялық мәнге ие екендігін, сол себепті саясаттан, партиялық мүдделер мен доктриналық тұжырымдардан әлдеқайда биік тұратынын тілге тиек ете кетеді. Бұл жерде ол батыс деп Америка Құрама Штаттарын меңзеп отыр. Алайда академиялық мәтіндердегі жағдай солай болғанымен, азаматтық қауымдастықтарда саяси белгілер жетерлік.

Ұлыбритания, Франция, соңғы кездері Америка Құрама Штаттары империялық державалар болғандықтан, олардың азаматтық қауымдастықтары шетелдерде болсын, өз елдерінде болсын империялық мүддесінен айнымайды. Мейлі академиялық мәтіндер аясында болса да, мәселен, Шығысты зерттеп жүрген еуропалық не американдық ең алдымен мәселеге еуропалықтың не американдықтың көзімен қарайды да, содан кейін барып жеке тұлға ретінде саралауды бастайды. Бұл дегеніңіз зерттеуші ең алдымен Шығысқа қатысты өз мүддесі бар бір империяның тұрғыны дегенді білдіреді.

Флобердің «Саламбо» атты романын немесе Гамильтон Гиббтің «Исламдағы заманауи үрдістер» атты еңбегін жазу барысындағы саяси жағдайлардың мән-маңыздылығын айтып жатудың өзі кейде артық. Себебі көркем туынды немесе ғылыми еңбекті жазу барысындағы күнделікті тұрмыс жайттары мен саясаттың арасы көп жағдайда жер мен көктей болып келетіні сіз бен бізге мәлім. Шығысқа деген еуропалық және американдық мүдде негізінен саяси аспектіде болғанымен, мәдениет оны көпқырлы, күрделі құбылысқа айналдырды. Сәйкесінше, ориентализм – мәдениет жамылғысын жамылған таза саяси құрылым ғана емес, шығыстық әлемді өз билігінде ұстап тұру мақсатындағы Шығыс жайлы жүйесіз мәтіндер жиыны да



емес. Ориентализм, бұл Э.Саид тұжырымында, ең алдымен, эстетикалық, гуманитарлық, экономикалық, әлеуметтанушылық, тарихи және филологиялық мәтіндерге ықпал ететін геосаяси сана. Бұл психологиялық анализ, филологиялық құрылымдар, гуманитарлық жаңалықтар, әлеуметтанушылық баяндаулар тәрізді құралдармен қаруланған бірқатар «мүдделер» жүйесі. Бұлар өз кезегінде осы геосаяси сананы қалыптастырып дамытады. Бұл жағынан алғанда шығыс тек өзін таныту ғана емес, қандай да бір ерік-жігердің, бақылаудың, манипуляцияның құралы.

Сөйтіп, ориентализм – мәдени және саяси факт. Он сегізінші ғасырдың кез келген жазушысы империяның болғандығын терең түйсінді. Олардың нәсілшілдікке қатысты өзіндік көзқарастары болғандығы да жасырын емес. Д.С. Милль, Арнольд, Карлейл, Ньюмен, Маколей, Рескин, Д. Элиот тіпті Диккенс шығармаларынан ондай көзқарастарды молынан кезіктіру ешкімге қиындық тудырмайды. Сондықтан Э. Саид бұл мәселені Британдық, Француздық және Американдық үштіктің өзара тиімді саяси және ғылыми байланысы ретінде қарастырады.

Э. Саид осылармен қатар төмендегідей мәселелерді де көтереді: ориентализм тәрізді империялық дәстүрді қалыптастыратын қандай өзге де интеллектуалдық, эстетикалық, ғылыми және мәдени күштердің түрлері бар? Ориентализм аясында қалайша филология, лексикография, тарих, биология, саяси және экономикалық теория, көркем проза және лирикалық поэзия кең көлемді империалистік көзқарастың қызметшісіне айналады? Ориентализм шеңберінде қандай өзгерістер мен түзетулер жасалып жатыр? Бұл тұрғыда ұрпақтар сабақтастығының, түпнұсқалықтың (идентификация болса, бірегейлік деп алған жатық болар еді), индивидуалдылықтың орны қай деңгейде? Қалайша ориентализм дәуірден дәуірге ұласып, қайта жандануда? Жалпылай алғанда, адамның саналық, танымдық әрекеті тұрғысынан алғанда ориентализмнің мәдени, тарихи феноменіне қалайша қатынас жасаған абзал?

Э. Саидтың ойларына негізгі қозғау салған – бүтіндей алғанда Шығыстың ағылшындық, француздық және американдық тәжірибесі. Ұлыбритания мен Франция шығыс Орта теңізі аймағында шамамен он жетінші ғасырдың соңынан бастап билігін жүргізе бастады. Э. Саид оның одан ары қарай академиялық және әдеби ортада қалыптасу жолын түйсінгісі келеді. Орта Шығыс бойынша қазіргі дәуір мамандары да әлі де Еуропаның он тоғызыншы ғасырдағы ориенталистік көзқарасының сарқыншақтарын қолданады.

## Шығыссыз шығыстану

Э. Саидтың билікті зерттеудегі негізгі әдіснамалық тәсілдері мәтіндегі авторлық көзқарасты басшылыққа алудан келіп шығады.

Шығыс жайлы жазатын әрбір адам, Шығыс жайлы алдын ала мәлім бір білімге не оқиғаға сүйенеді. Оның үстіне Шығыс туралы әрбір еңбек өзіне дейінгі еңбектермен, институттармен, қоғаммен, Шығыстың өзімен қарым-қатынас қалыптастырады.

Э. Саидтың билікке деген назары ориенталистік мәтіндердегі жасырын дүниелерді талдау дегенді білдірмейді. Керісінше, ол мәтіннің шынайы нысанын емес, соған ықпал еткен сыртқы факторлардың әсеріне шалдыққан бөліктерін арнайы талдау нысаны ретінде алады.

Ориентализм сыртқы көзқарастың жемісі, дәлірегі, мейлі ол ақын болсын, ғалым болсын, өз пайымымен, өзінің қолда бар мағлұматымен Батысқа түсінікті тілде «құпиялы Шығысты» сөйлетіп шығады. Э. Саид мұны мысалмен түсіндіреді. Эсхилдің «Парсылар» атты драмасында Шығыс көз көріп, құлақ естімеген және бір қауіпті «өзге» бір нысан болып шығады (Эсхил тәсілінде бұл әрдайым – көз жасына ерік берген азиялық әйелдер). Драманың көркемдік жамылғысы, бұл ретте, көрерменнен не шығыстық емес адамнан өзінің қолдан жасалған Шығыстық символикасын шебер жасырады. «Олар өздерін таныстыра алмайды, оларды біреулер таныстыру керек», – деп жазды Маркс «Луи Бонапарттың 18 Брюмері» атты еңбегінде.

Қалыптасқан стереотиптер аясындағы зерттеулердің және бір кемшіл тұсы, ауыздан-ауызға тараған дүние көбіне ақиқат емес, жай репрезентация болып шығатындығында. Жалпы тіл табиғатының ақпарат алмасатын, яғни репрезентация жасайтын кодталған жүйе екендігі баршаға мәлім. Әсіресе, жазба тілде шынайы презентация деген мүлде болмайды, ол толықтай



репрезентация. Сондықтан Шығыс жайлы жазба деректерді шынайы деректер деп ұққаннан гөрі, белгілі бір деңгейде Шығыспен байланысы бар деректер деп ұққан дұрыс.

Сонымен, ориентализм толығымен – Шығыстан тыс, әрі Шығыссыз деп қорытады Э. Саид.

Он сегізінші ғасырдың соңғы ширегіне дейінгі Шығыс жайлы репрезентация мен кейінгі көзқарастардың айырмашылығын сол репрезентацияның қамту ауқымының кеңейуімен өлшеуге болады. Уильям Джонс, Анкетиль Дюперроннан кейін және Наполеонның Египетке жасалған экспедициясынан соң Еуропа Шығысқа бұрынғыдан да ғылыми тұрғыдан жүйелі әрі өктем қарай бастады.

Еуропа үшін билік аумағының кеңейуінен де Шығыс туралы көзқарас ауқымының арта түскені маңызды болды. Лингвистикалық Шығысты өзге қырынан қарастыратын жаңа ұлы ғылым дүниеге келді. Дәл сондай өзгерістер әдебиетте де пайда болды: Уильям Бекфорд, Байрон, Гете мен Гюголар өз образдары мен мотивтерінің призмасы арқылы Шығысты таныта бастады. Алайда Шығыс, сол баяғыдай, авторлардың көркемдік шабытына қозғау салғанымен, шынайы Шығысты жырлағандар өте сирек ұшырасты.

Ориентализм шынайы нысаннан гөрі өзі жасап алған мәдениетті зерттеумен болды. Э. Саид осы заңдылықтың көсемдерін, канондық мәтіндерін, ізашарлары мен ізбасарларын зерттейді. Мәселеге үлкен дайындықпен келген Э. Саид өте маңызды мәселелерді төтесінен қояды. Қалайша ориентализм әлгіндей «күшті» идеяларды санаға сіңіріп жіберді? Солардың күшімен лингвистикалық Шығыс, фрейдтік Шығыс, шпенглерлік Шығыс, дарвиндік Шығыс, нәсілшілдік Шығыс тағысын тағы дегендер пайда болғаны жасырын емес. Алайда ешқашан шынайы Шығыс болмады, дәл сол секілді ориентализмнің шынайы рухани формасы да болған емес.

Э. Саид тек ғылыми еңбектерді емес, сонымен қатар, саяси трактаттарды, әдеби зерттеулерді, журналистік жолжазбалар мен діни, филологиялық мәтіндерді де талдау нысанына алды. Жекелеген автор мәтіннің анағұрлым ықпалы жоқ деп санайтын Мишель Фукоға қарағанда Э. Саид ориентализм түсінігін қалыптастыруда жекелеген авторлардың іздері де өте маңызды екенін алға тартады. Э. Саидтың талдауына іліккен еңбектер тізімін бір арнаға тоғыстыратын жайттар: олардың бір-біріне ұдайы сілтеме жасау жүйесі, Шығыс туралы стереотиптердің бір мәтіннен екінші мәтінге ауысуы болып табылады.

Ғалымның пікірінше, империализм және оның мәдениеті, ғылымы мен көркемдік әлемі туралы өз алдына бөлек зерттеу еңбек жазылуы керек. Сонымен қоса, ол Шығыс туралы түсінік қалыптастыратын әрі соны насихаттайтын ориентализм мен педагогиканың ара қатынасын да арнайы зерттеу қажеттігін алға тартады. Дәл сол секілді гуманитарлық ғылымдар мен көркем әдебиет, академиялық пәндер мен саяси идеялардың да арақатынасы арнайы зерттеуді, қайта қарастыруды қажет ететінін айтады.

## Шығысты қайта танығанда

Жоғарыда айтылғандардан келіп шығатын ең маңызды қорытынды, Саидтың пікірінше, ориентализмге бүгінгі заман көзімен қарайтын жаңаша альтернативті зерттеулердің қажеттілігі. Бұл тұрғыдан ол, билік пен білімнің арақатынасынан басталатын кешенді салаларды толықтай қайта қарастыру керек екенін де ұғынады. Осы тұрғыдан алғанда Э. Саидтың «Ориентализм» еңбегі болашақ зерттеулер үшін баға жетпес құндылық (еңбектің алғаш рет 1978 жылы жарыққа шыққандығын тағы бір рет естеріңізге салып кеткім келеді).

Әдебиет сыншылары мен зерттеушілері үшін ориентализм қоғам мен тарихтың, мәтінаралық ізденістердің таптырмас үлгісі.

Ал «үшінші әлем» деп аталып жүрген елдердің оқырмандары үшін Э. Саид өз зерттеулерін батыс мәдени дискурсының шынайы келбетін түсінуге жасалған қадам ретінде пайдалануға болатындығын алға тартады.

Э. Саид, ең бастысы, мәдени басымдықтың құрылымын, ең негізгі механизмдерін тайға таңба басқандай айқындап берді. Бұл енді ғана отарлықтың қамытынан босаған елдер үшін аса құнды мағлұматтар. Екінші жағынан алғанда, бұл еңбек, отаршы елдердің өзіне ой салатын, әлгі механизмдерді өзіне де, өзгеге де қолдануда жеті өлшеп, бір кесуге итермелейтін жағдай туғызды.



Аймақтануға қатысты бағдарламалар мен институттар тізбегі көбейіп келе жатқан АҚШ университеттерінде ориентализм ұлттық саясаттың бір бөлшегіне айналды. Қоғам Шығысқа, оның стратегиялық, экономикалық және дәстүрлік көпқырлылығына шынайы қызығушылық танытуда. Электронды ғасырда батыстық азаматтарға бүкіл әлем қаншалықты жақын бола бастаса, Шығыс та бұрынғыдан да жақындай түсті.

«Электронды әлемнің екінші бір қисынсыз тұсы бар», – дейді Э. Саид. Теледидар, кино және өзге де медиақұрылымдар Шығысты түсіндіруде бұрнағы стандарттардан шыға алмай қалуда. Он тоғызыншы ғасырдағы мәдени стереотиптер мен академиялық, саяси біржақтылықтар автоматты түрде медиа құрылымдардың құралына айналып кетуде.

Шығыс адамына көлеңкелі бейне теліп қоятын білім мен биліктің ара қатынасын тек академиялық мәселеге ғана қатысты деп қарастыру дұрыс емес деп санайды Саид. Көбінесе әдебиет пен мәдениетті саяси, тарихи тұрғыдан бейкүнә салалар деп көрсету белең алған. Керісінше, қоғам мен әдебиетті өзара тепе-теңдік алғышарттары тұрғысынан қарастыруға міндеттіміз дейді Саид.

Келесі дәрісімізде Э.Саидтың «Ориентализм» еңбегі жайлы әңгімемізді ғалымның аталған кітабының «Ориентализм масштабы» тарауы бойынша жалғастырамыз.

### Тақырыпты пысықтауға арналған сұрақтар

1. Э. Саид түсінігіндегі «ориентализм» терминінің мәні қандай?
2. Ориентализмді білім ретінде қарастырудың қауіпті екендігін Э. Саид қалай дәлелдейді?
3. Э. Саидтың пікірінше, ориентализм мен педагогиканың арақатынасын қай тұрғыда зерттеу қажет?
4. АҚШ-тағы қазіргі ориентализмнің бағыты қандай?

### Әдебиеттер

1. Said Edward. Orientalism. – Pantheon, 1978.
2. Фуко Мишель. Археология знания. – СПб.: Гуманитарная Академия, 2004.
3. Фуко Мишель. Надзирать и наказывать. – Надзирать и наказывать. Рождение тюрьмы. – М.: АдМаргинем, 2015.
4. RaskinJonah. The Mythology of Imperialism. – New York: Random House, 1971.
5. Kiernan V. G. The Lords of Human Kind: Black Man, Yellow Man, and White Man in an Age of Empire. – Boston: Little, Brown & Co, 1969.
6. Thornton A. P. The Imperial Idea and Its Enemies: A Study in British Power. – London: Macmillan & Co, 1959.
7. FieldhouseD. K. The Colonial Empires: A Comparative Survey from the Eighteenth Century. – New York: Delacorte Press, 1967.